

Жасына қарай жеңілдік шарттарымен тағайындалатын зейнетақылар туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулысы 11 қаңтар 1993 ж. N 26. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2005.08.03. N 809 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. "Қазақ КСР-інде азаматтарды зейнетақымен қамсыздандыру туралы" Қазақ КСР-інің Заңына сәйкес азаматтарға жеңілдік шарттарымен зейнетақылар тағайындағанда Қазақстан Республикасының аумағында жаңа Тізімдер енгізілгенге дейін жеңілдік шарттары бойынша зейнетақымен қамсыздандыруға хұқық беретін өндірістердің, жұмыстардың, мамандықтардың, лауазымдардың және көрсеткіштердің КСРО Министрлер Кабинетінің 1991 жылғы 26 қаңтардағы N 10 қаулысымен бекітілген, бұдан кейінгі толықтыруларымен, өзгерістерімен N 1 және N 2 Тізімдері қолданылатын болып белгіленсін.

Нақты адамдарға, кәсіпорындарға, өндірістерге қатысты жекелеген мәселелерді шешкен кезде және еңбек жағдайларына қарай жеңілдік беретін зейнетақымен қамсыздандырудың басқа да проблемалары бойынша КСРО Мемлекеттік еңбек комитеті бұрынырақта жариялаған түсініктемелерді б а с ш ы л ы қ қ а а л у қ а ж е т .

2. Қазақстан Республикасының Еңбек министрлігі мен Халықты әлеуметтік жағынан қорғау министрлігіне жеңілдік шарттары бойынша зейнетақымен қамсыздандыруға хұқық беретін өндірістердің, жұмыстардың, мамандықтардың лауазымдардың және көрсеткіштердің Тізімдерін қолданудың тәртібі туралы түсініктер беруге, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігімен келісіп, бұл Тізімдерге толықтырулар мен өзгерістер енгізуге хұқық берілсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-министрі